

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1202. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.01.07. N 1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 желтоқсандағы N 1574 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 1 тамыздағы

N 1202 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,  
Премьер-Министрдің орынбасарлары және Премьер-Министр  
Кеңсесінің Басшысы арасында  
міндеттерді бөлу**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Ә.М.Қажыгелдин

Үкіметтің қызметіне тікелей басшылық жасау, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың республиканы экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі жұмысын үйлестіру.

Үкіметтің Реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру.

Сыртқыісминінің, Қорғанысминінің, Ішкіісминінің, Әділетминінің, ҰҚК-нің, Прокуратураның, Мемтергеукомының жалпы мәселелері.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары  
А.С.Есімов

Премьер-Министрдің орнын ауыстыру, Премьер-Министрдің Кеңесімен  
ж ұ м ы с і с т е у .

Аумақтық басқару органдарымен өзара іс-қимыл, аймақтарды дамыту, кадр  
с а я с а т ы м ә с е л е л е р і .

Мемлекеттік инвестициялық саясатты, лицензиялық қызметті үйлестіру.  
Инвестициялар жөніндегі мемкомитет, Жоғары және орталық меморгандарды  
Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемкомиссия, Ауылшармині жұмысының  
мәселелері, Қорғанысминінің, Әділетминінің, Ішкіісминінің жедел қызметі.

Премьер-Министрдің орынбасары - Қаржы министрі  
А.С.Павлов

Қаржы, кедендік-тарифтік, валюта және баға саясатын қалыптастыру.  
Республика бюджетін әзірлеуге басшылық жасау, оның атқарылуын бақылау.  
Жекешелендіру, мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару, сақтандыру  
қызметі, мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру мен пайдалану  
м ә с е л е л е р і .

Ұлттық және мемлекеттік банктермен, Республикалық бюджеттің  
атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитетімен, халықаралық  
қаржы-экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимыл.

Қаржымині, Мемлекеттік кеден комитеті, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссия, жол және басқа да бюджеттен тыс қорлар жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары - Білім және  
мәдениет министрі И.Н.Тасмағамбетов

Әлеуметтік-мәдени даму, білім беру, мәдениет, жоғары мектеп, денсаулық  
сақтау, туризм және спорт, архив ісі салаларындағы бағдарламаларды әзірлеу  
және жүзеге асыру мәселелері.

Әлеуметтік-саяси процестерді, Ұлтаралық қатынастарды зерделеу.  
Жұмыспен қамту, еңбек және еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік қорғау,  
әлеуметтік бәсекелестік мәселелері. Жұмыс берушілер мен кәсіподақтар  
бірлестіктерімен, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық  
а г е н т т і к п е н ө з а р а і с - қ и м ы л .

Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині, Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғаумині, ҚазТАГ, Орталық мемлекеттік архив, Ономастика және  
Терминология комиссиялары, зейнетақы қоры, Әлеуметтік сақтандыру және  
жұмыспен қамту қорлары, міндетті медициналық сақтандыру қоры жұмысының  
мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары - Экономика  
және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев

Макроэкономика мен жүргізіліп отырған реформалардың жалпы және ағымдағы мәселелері. Индикативтік жоспар-болжамдарды әзірлеу. Өнеркәсіптің, энергетиканың, көлік және коммуникациялардың, агроөнеркәсіп кешенінің жұмыс істеуінің, сыртқы экономикалық қызметтің және ішкі сауданың, кәсіпкерлікті дамытудың жедел мәселелері.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мемлекеттік статистика. Ғылыми-техникалық прогресс, қолданбалы және іргелі ғылымды дамыту, табиғатты пайдалану және биологиялық ресурстар.

Ақпаратты қорғау жөніндегі мемкомиссияның қызметіне басшылық ету.

ТМД елдерімен ынтымақтастықтың жедел мәселелері.

Ғылыммині - Ғылым академиясы, Экономика және саудамині, Көліккомы, Экобиоресурсмині, Энергетика және табиғи ресурсмині, Мемтөтенжағдайкомы жұмысының мәселелері, Сыртқыісминінің ТМД елдерімен ынтымақтастыққа қатысты мәселелері.

Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы

Т.Қ.Бегахметов

Кеңсе бөлімдерінің Үкімет қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру.

Министрліктердің, мемкомитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың Үкімет шешімдерінің және оның басшылығы тапсырмаларының орындалуын бақылау мен оның сапасына қатысты қызметін үйлестіру.

Үкіметтің нормативтік актілері мен республика басшылығының тапсырмаларын орындамағаны үшін министрліктер мен ведомстволардың, облыстардың басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Үкіметтің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен және аумақтар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, Үкіметтің Баспасөз қызметінің, республика Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институтының жұмысына басшылық ету.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын кадрлар жөнінде келісілген ұсыныстарды зерделеу және енгізу.

Үкіметтің басшылығы өз жұмысын ұйымдастыруда акционерлік және холдинг компанияларымен, басқа да республикалық органдармен қоғамдық және өзге де ұйымдармен қызметтің жетекшілік жасалатын бағыттары бойынша өзара іс-қимыл жасап отырады.

Үкімет басшыларының бірін-бірі ауыстыруының мынадай тәртібі белгіленеді:

Ә.М.Қажыгелдин - А.С.Есімов  
А.С.Павлов - Шүкеев Ә.Е.  
И.Н.Тасмағамбетов - Шүкеев Ә.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК